

сағат бойы ұстап тұрады, температура 260°C-ге дейін жетеді. Одан әрі қысымды түсіреді және бос β-нафтолды айдайды. Екінші рет CO₂ жібереді (P=4,5 атм) және қысымды CO₂ сіңіру жылдамдығы азайғанша ұстап тұрады. Соңғы температура 250-255°C, карбоксилдеу ұзақтығы 4 сағат, содан соң, тағы бос β-нафтолды айдайды. Үшінші карбондауды және β-нафтолды айдауды да солай жүргізеді. Процестің жалпы ұзақтығы 70 сағаттан кем емес. Реакция өнімін суда еріту және тұз қышқылымен қышқылдау арқылы бөліп алады.

1-Окси-2-нафтой қышқылын да Кольбе-Шмидт реакциясымен алады. α-Нафтолды автоклавта 50%-дық натрий гидроксиді ерітіндісімен араластырады, алынған нафтолятты алдымен атмосфералық қысымда, содан соң вакуумде кептіреді. Карбоксилдеуді 135°C температура және көміртек диоксидінің қысымы 4,5 атм-да жүргізеді. Реакция өнімін бөлуді алдыңғы мысалдағыдай жүргізеді.

1-Окси-2-нафтой қышқылы (балку т. 200°C)—суда нашар ериді, этил спиртінде, эфирде, бензолда оңай ериді.

1-Окси-2-нафтой қышқылы диазотталған аминдермен 4-ші жағдайда бірігеді; диазотталған анилиннің екі молекуласымен біріккенде, карбоксил тобының элимирленуімен бірге, 2,4-бисбензолазо-1-нафтол түзіледі. Олеуммен сульфирлеу кезінде 4-сульфо, содан соң 4,7-дисульфоқышқыл, ал нитрозирлеу кезінде карбоксил тобы элиминирленіп, 2-нитрозо-1-нафтол түзіледі. Сірке қышқылында хлорлау және бромдау 4-ші жағдайға барады.

14 мүмкін болатын изомерлі оксинафтой қышқылдарының ішінен практикалық мәні жағынан 2-окси-3-нафтой қышқылын ерекше бөліп айтуға болады. Оның арилаמידтері салқында бояу кезінде (азоидты бояулар) кең қолданылады.

Азоидты бояулар көмегімен «салқында бояу» практикаға XIX ғасырдың соңында енген болатын. Мақта немесе мақта-матаны алдымен оксинафтой қышқылының ерітіндісіне, содан соң, жеңіл сығу мен кептіруден соң, диазотталған амин ерітіндісіне салғанда, мата талшығында суда ерімейтін бояу түзіледі; бояу жууға жоғары беріктігімен ерекшеленеді.